

ЖШС «Малика» мектепке дейінгі шағын орталығы

4 хаттама

«Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының өндірістік жиналысы

25 мамыр 2023 жыл

Қатысушылар: 11

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы
2. 2023 жылғы жазғы сауықтыру жұмыстары
3. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары

Бірінші мәселе бойынша орталық әдіскері оқу жылында жоспарға сәйкес барлық іс шаралар өткізілгендігін атап көрсетті. Тәрбиешілер әртүрлі семинарларға қатысып өз біліктіліктерін көтеру үшін жан-жақты ізденісте. Топтардағы бала саны біршама толықты. Жалпы жылдық жоспарды түгелімен толық орындалды, орталық түлектерімен қоштасу кеші жоғары дәрежеде өткізілгендігі және балалардың мектепке дайын екендігі жайлы айтып өтті. өткізіліп, мектепке шығарып салдық. Ендігі міндет сол кеткен балалардың орнын толтыру.

Жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалды. Ең алдымен ата-аналарға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары ескертіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Балалардың денсаулығын нығайту үшін су процедуралары, құммен ойнау, түрлі спорттық шаралар өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар «1- маусым балаларды қорғау» күніне орай денсаулық күнін өткізбекшіміз.

Үшінші мәселе бойынша орталық әдіскері жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігі туралы ата-аналар үшін жадынама берілді. Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналармен, туысқандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар ережелер мен талаптарды есте сақтау керектігі, балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастыру, балалармен жеке әңгіме жүргізу, маңызды ережелерді түсіндіру, оларды ұстану өмірлерін сақтауы мүмкіндігі мен баланың бос уақыты мәселесіне көңіл бөлу қажеттігін қатаң ескертті.

Есте сақтаңыз! 1. Өз балаңыздың қайда, кіммен жүргені туралы үнемі біліп отырыңыз, барған орнын бақылаңыз; бөгде адамдармен сөйлесуге тыйым салыңыз. Балаңызға егер біреу оған қиянат жасағысы келсе, әрқашан кімге болса да «жоқ» деп айтуға толық құқығы бар екенін түсіндіріңіз; қандай жағдай болмасын танымайтын адамдардың көлігіне отыруға болмайтынын түсіндіріңіз;

К.Джаксибаева